

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 22 қаңтардағы N 74 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 16 сәуірдегі N 448

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Ауыл шаруашылығы секторына арналған Азия Даму Банкінің Бағдарламалық займын жүзеге асыру шаралары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 22 қаңтардағы N 74 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1. 2-қосымшада:

1) Ауыл шаруашылығы секторына арналған Азия Даму Банкінің Бағдарламалық займын Үйлестіру жөніндегі ведомствоаралық кеңес төрағасы болып Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Ж.С.Кәрібжанов бекітілсін;

2) Аталған Кеңес төрағасының орынбасары болып Қазақстан

Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі С.Ш.Ахымбеков тағайындалсын, бұл міндеттен Ж.С.Кәрібжанов босатылсын;

3) Басқа жұмысқа ауысуына байланысты А.С.Есімов осы құрамнан шығарылатын болсын.

2.

<*>

Ескерту. 2-тармақтың күші жойылған - ҚРҰ-нің 1996.12.12.

N 1531 қаулысымен.

P961531_

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

